

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Акуинолық Томас: нақты дүниені  
бірыңғай түсіндіру. 2-бөлім

2-тарау. Орта ғасыр философиясы



## Құдайдың бар екенінің дәлелдері

Әулие Ансельм Құдайдың бар екеніне өз дәлелін келтірді. Ол Құдайға дұға формасындағы дәлел арқылы жүгінді. Ансельм Құдайдың – «адам ұғына алатын ең ұлы тіршілік иесінің» бар екеніне сенімді болды. Егер Құдай жай идея болып, оны адамдар өмір сүрмейді деп түсінсе, бұл сөзсіз қайшылық болар еді, себебі бар болып отырған ол қарапайым адами идеяға қарағанда әлдеқайда ұлы әрі құдіретті. Құдай «адам ұғына алатын ең ұлы тіршілік иесі» болса, міндетті түрде өмір сүруі тиіс. Бұл тұжырым оның бар екенін растайтын онтологиялық дәлел ретінде белгілі.

Акуинолық Томас бұл дәлелдемені теріске шығарды, себебі Құдайдың Ансельм ұсынған анықтамасы ол туралы жалпы түсінікке сәйкес келмеді.

Оның Ансельм ұсынған анықтамасы қазіргі уақытта кеңінен талқыланбайды және қарастырылмайды. Ансельм ең жетілген мән туралы ғана айтты. Бұдан басқа, оның осыған ұқсас кемшілігі бар: Құдай «мәні болмыста тұратын» әлдене ретінде көрсетілген. Екіншіден, Акуинолық Томас Ансельмнің дәлелдемесі пайымдаудың «реалды ретінен идеалды ретіне» көшуге ұмтылады, ал бұл логикалық қателікпен байланысты деп есептеді. Үшіншіден, Томас адамның ақыл-ойында Құдай туралы ешқандай априори білім жоқ деп тұжырымдады. Адамның ақыл-ойы түпкі негіздерге сүйеніп қана Құдайдың бар екенін дәлелдей алмайды. Осылайша Томас Құдайдың бар екенінің апостериори дәлелдемелерін түзуге кірісті: ол салдарға сүйеніп, олардың себебін анықтады.

- Априор дәлелдемелер, тұжырымдамалар, пікірлер немесе пайымдаулар адам тәжірибесіне де, сезіммен түйсінуге де негізделмейді. Нақты ұғымды априор дәлелдемелер арқылы алуға болады.

- Апостериор дәлелдемелер, тұжырымдамалар, пікірлер немесе пайымдаулар өмірлік тәжірибеге және сезіммен түйсінуге негізделеді.

- Туындатушы себеп – материяға ықпал ететін іс-әрекет немесе процесс. Осы ықпал кеңістікте өзгерістердің пайда болуына әкеледі.

- Мақсатты себеп – субъект өзгерістер басталғанда-ақ пайда болады деп болжамдаған салдар.

Шын мәнінде, Аристотель дәлелдемелердің кейбірін күнілгері болжап қойған еді. Десек те олардың классикалық формасын Акуинолық Томас құрастырды.

## Акуинолық Томастың бес жолы

1. Кез келген қозғалыстың түпнегізі бар. «Бұл Дүниеде қозғалыстың барлығына ешкім күмән келтірмес», – дейді Томас. Мысалы, оттың актуальдық жылуы ағаштың потенциалдық жылуының актуальдық жылуына өтуіне, яғни оны өзгеріске, қозғалысқа әкеледі. Бірақ белгілі бір зат бір уақытта потенциалды және актуальды бір қатынаста бола алмайды. Актуальды ыстық зат потенциалды ыстық бола алмайды. Олай болса, бірдеңе бір уақытта, қозғалушы және қозғалтушы бола алмайды, яғни заттың өзі өз қозғалысының қайнар көзі емес. Онда қайсыбір қозғалыс басқа қозғаушы күшті талап етеді. Қозғалыстың алғашқы себебін табу үшін біз өткенге кері жүре алмаймыз. Өзгерістердің осы бүкіл тізбегінің қандай да бір бұлжымас бастауы бар, ол – тұрақты. Осы өзгермейтін болмысты біз Құдай деп атаймыз.

2. Туындатушы себеп – бәрінің түпкі себебі. Бұл болмыстың алдында ғана емес, ол – белсенді туындатушы. Олай болса, бүкіл дүниені өз қалауымен жасаған бір түпкі негіз болуы тиіс. Ол түпкі себеп – Құдай.

3. Кездейсоқтық арқылы дәлелдеу. Олардың өмір сүруін, бар болуын ештеңе қажет етпесе де, көптеген зат өмір сүреді. Олар кездейсоқ, бар болады да, жоқ болады. Ендеше оларды есепке алу қажеттілігі болмаса, ешнәрсе өмір сүрмеген уақыт болған деген сөз. Бар болып отырғанның бәрінің бастауында тұрған, бәрін түсіндіретін тіршілік иесін Құдай деп атаймыз.



4. Бар және жоқ заттардың болмыс деңгейі арқылы дәлелдеу. Метафораны қолданып, айналамыздағы кей заттар басқаларына қарағанда нақтырақ деген кезімізде, біз сол заттардың мазмұндырақ және өзіміз үшін маңызы зор екенін меңзейміз. Бірақ бар дүниенің, ақиқаттың, мейірімнің өрлеу шкаласында да белгілі бір шек болуы керек. Бұл шек – сол шкаладағы есептелуі мүмкін сапалық көрсеткіштердің ең жоғарғысына ие мән. Ол мәнді біз Құдай дейміз.

5. Мақсаттық себеп арқылы дәлелдеу. Табиғаттағы ақыл-ойы жоқ заттардың болмысы белгілі бір мақсатқа лайықтылыққа бағытталған. Ал олардың санасы жоқ болса, олар белгілі бір сананың еріктің басшылығымен өмір сүреді деген ойға келеміз. Ол атылған оқты еске түсіреді, бірақ ол оқты жіберген садақшыны естен шығармауымыз керек. Олай болса, бүкіл Дүниеге мақсат берген саналының бар екенін мойындауымыз қажет. Ол – Құдай, яғни бізге көрініп тұрған дүние қандай да бір ниетке, белгілі бір мақсатқа сәйкес жаралған. Сол ой мен мақсат біз Құдай деп атайтын жаратушыны бейнелейді.

Бұл дәлелдемелерді қазіргі заманғы христиандық теологтар мен дін философтары байыптылықпен сынады. Алғашқы төрт дәлелдемеде Құдай дүниеде бар болып отырғанның бірі ретінде ғана бейнеленеді. Дегенмен Құдай сипаттамасының әрқайсысы жалпы алғанда жарамды. Ол – бар болып отырғанның бәрінің өзгермейтін алғашқы қозғаушысы, түпкі себебі, қажетті мәні. Осылайша Құдай, бейнелеп айтсақ, өзінің бар екенін растауға негіз болатын басқа заттардың, оқиғалар мен құбылыстардың бүкіл көптүрлілігінен бөлініп шығады. Акуинолық Томастың дәлелдемелері Құдіретті мәннің болуы бізге нақты өмірде бар заттарды, дүниеде болып жатқан, адамға айқын құбылыстарды қарастырудың арқасында қалай айқындалатынын көрсетеді. Дәл осы айқын құбылыстар мен заттардан апостериори дәйектер пайда болды. Бесінші дәлел – басқашалау: барлық заттар белгілі бір мақсатқа ие, ол мақсатты белгісіз бір ақылды мән ретінде анықтайды. Тіпті, бұл идея Акуинолық Томастың жазбаларында онша айқын көрінбесе де, ол оның пайымдауларынан сөзсіз білінеді. Қорытынды нәтиже – Құдай осы дүниенің туындатушы себебі және саналы билеушісі. Тіпті, осы дәлелдер де Құдайдың бар екенін логикалық түрде растай алмайды деп болжағанның өзінде де, олар оны жаратушы, билеуші, түпкі себеп және құдірет ретінде сипаттайтын монархиялық тұғырнаманы атап көрсетеді. Бұл дәлелдемелер біз «Құдай» деген сөзді айтқанда нені түсінетінімізді айқындай түсіп, оны айрықша мағынамен толтырады.

## Теология суммасы

- Ақиқатты ұғынудағы ұмтылыстарында адамдарға тек қана философия аздық етеді. Кейбір ақиқаттар адам түсінігінің сыртында жатыр. Құдай олардың сырын ашқанда ғана біз ол ақиқаттарды түсіне аламыз. Теология тікелей Құдайдан келген білімге негізделеді және жаратылыстану білімдерін де толықтырады. Құдайдың бар екені бес жолмен дәлелденеді: дүниедегі қозғалыс фактісінен, туындатушы себептер арқылы, кездейсоқтық пен қажеттілік, дүниедегі жетілу дәрежелерін қарастыру арқылы, әлемдік тәртіп пен үйлесім.

- Құдай ғана қозғалыс бастауының, туындатушы себептің шарты бола алады. Бұл дүниені ретке келтіріп, оны кемел еткен қажетті мән де – сол.

- Біз Құдайды қарапайым, анық бар, кемел, мейірімді, шексіз, біртұтас, өзгермейтін, ең маңызды мән ретінде сипаттаймыз. Адамдар – жаратылғандар, Ол соншалықты рақымды да мейірімді болғандықтан, осыған өзі ерік бергендіктен ғана оны танып-біле алады. Біз оның мәнін ұғына аламыз, бірақ оны түсіну бізге бұйырмаған.

## Аналогия теориясы: біз Құдайды қалай түсіндіреміз?

Біз Құдай туралы не айта аламыз? Егер ол – біздің Әкеміз десек, бұл оның басы, екі қолы, екі аяғы бар және ол ер адам дегенді білдіреді. Бірақ ол – рухани мән, оның тәні мен жынысы жоқ. Ол – тұлға, бірақ ол еркек те, әйел де емес. Сондықтан көпшілік: «Сіздер Құдай – біздің әкеміз дейсіздер, бірақ бұл сіздер меңзеген нәрсе емес қой. Онда неге олай дейсіздер?» – деуі мүмкін. Мұндай сұрақтың себебі – адамдар тілді бір мағынада қолданады. Басқаша айтсақ,



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін  
Тарау: 2. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 10. Акуинолық Томас: нақты дүниені бірыңғай түсіндіру. 2-бөлім

әр сөз алдын ала белгіленген бір мағынаға ие. Сонда адамдар көбіне: «Oh, ол бір зат туралы айтып тұр, бірақ сіздің басқа бірдеңеге сенгеніңізді қалайды!» – деп пайымдай бастайды. Бұл – тілдің екі мағынада қолданылуы. Бұл жағдайда әр сөз екі мағынаға ие. Осындай мәселелерді түбегейлі шешу үшін Акуинолық Томас өзінің аналогия теориясын жасады. Біз «демалысты қызыққа толы шипажайда өткізу керек» дей аламыз. Қандай да бір адамды қызуқанды деп сипаттай саламыз. Қызыққа толы шипажай дегенде біз оны қайнаған өмірге, әзілге, күлкіге, биге және тағы басқа осы сияқты құбылыстарға толы деп ойламаймыз ғой. Шипажайда адамның рақаттануына мүмкіндік беретін объектілер бар және адамдар шипажайға барғанда рақаттанады деп түсінеміз. Демек, шипажайды сипаттау аналогияға негізделеді. «Қала – қызыққа толы шипажай» немесе «адамдардың белгілі бір тобы өте қызықты» дегенімізде, осы ұғымдардың мағынасы «бастапқы аналогтан»: қызуқанды адам дегеннен шығады. Алайда біз алғашқы аналогтарды Құдайға қатысты қолдана алмаймыз, себебі одан бұрын ештеңе пайда болған жоқ және онымен салыстыратын да ештеңе жоқ. Ол туралы айтуға болатын кез келген тұжырым аналогтарға негізделген. «Құдай – біздің Әкеміз» дегенде ол адами әкеміз сияқты толық мағынасында көрінеді деп ойламаймыз. Сонымен қатар, біз оны жердегі әкеміз деп те санамаймыз. Біз пропорционалдық аналогияны қолданамыз, ол жаратылған тіршілік иелерінің қасиеттері жаратушының қасиеттеріне байланысты делінеді. Сонымен бірге, жаратылмаған нәрсенің қасиеттері жаратылмаған болмыстың қасиеттеріне ие. Біз атрибуция аналогиясын қолдана аламыз. Оның көмегімен Құдай мен оның өзі жаратқандардың арасындағы қарым-қатынас сол жаралғандардың өзара қарым-қатынасын бейнелеуге қолданылатын ұғымдар арқылы сипатталады. Біз Құдай – Әке дегенде, сөзімізде ешқандай антроморфизм, яғни Құдайды адам ретінде қабылдау жоқ. Оны символдық бейнеде қолданбаймыз. Бұл сөйлем жаратылған мен жаратушының сәби мен әкенің арасындағы байланыс аналогиясында көрінетін өзара байланысын ғана көрсетеді, – деп түйіндейді Акуинолық Томас.

## Акуинолық Томастың философиясы

Жалпы алғанда, Акуинолық Томас философиясы Аристотель философиясымен үндес.

Ол Аристотель философиясын христиандық апологетикаға бейімдеуімен ерекшеленді. Оның еңбектерін ол жақсы білді және терең түсінді. Көптеген адамдар оны ерекше ойшыл емес, жүйелеуші деп есептейді. Акуинолық Томастың «Суммаларының» екеуі де – жүйелі және интеллектуалды туындылар. Оның еңбектері анық та, шебер жазылған; теорияларды талдауы, тіпті соның ішінде, өзі жоққа шығаруды жоспарлағандарын қарастыруы да жүйелі, анық және қисынды басталады. Ол сенімнен туындайтын дәлелдемелерді ақылдың көмегімен алынатындардан айқын ажыратады.

## Схоластардың философиялық әдісі

Схоластикалық философия немесе схоластика діни философиялық жүйе. Оны көбіне ортағасырдағы христиан философиясы деп атайды. Діни философия, христиан философиясы деген сөз тіркестерінің өзі көптеген сұрақтарды қозғауға себеп болады. Антика философиясы – ой сырттан таңылған ережелермен ығыстырылмаған, еркіндіктің көрінісі болды. Философия кез келген ақылдың көмегіне сүйенді. Ал дін болса жүрекке мән береді, баяндалмаған құпияға иек артады. Діни сананың түсініктері мен бейнелері қасиетті жазбалар, діни догматтар, шіркеулік, құлшылық ету рәміздерімен мәңгіге анықталып қойған. Сенім жолындағы адам бұл түсініктерді, олардың ақиқаттылығын немесе логикалық негізділігін талдау, тексеру үшін емес, сенімін күшейту, бекіту үшін пайдаланады.

Ортағасырдағы схоластика философиясы Қасиетті жазбаға сүйенумен қатар, сенім жолы өмірінің негізгі мазмұны мен мәніне айналған адамның алдынан ашылған шындықты тікелей тануға да назар салды. Осылайша схоластикалық философия рухани кемелденудің аса жоғары сатыларындағы Құдай мен дүниені тану тәжірибесін анықтауға және концептуалды тұрғыда түсінуге ұмтылады. Бұған таңғалудың қажеті жоқ. Ортағасыр философиясының даңқты



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін  
Тарау: 2. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 10. Акуинолық Томас: нақты дүниені бірыңғай түсіндіру. 2-бөлім

өкілдері кейінірек католик шіркеуі тарапынан әулиелер деп мойындалған – Кентерберилік Ансельм, Бонавентура, Акуинолық Томас шын мәнінде христиандық өмірдің принциптерін өз өмірлерінде іске асырған адамдар еді. Рухани тәжірибені рационалды тұрғыда түсіндіру қарқынды іздеу діни философиясының бір формасы – схоластикалық философияның өзіндік бірегей болмысын көрсетеді. Ерекше зерттеу пәні арқылы діни типтегі емес философиядан, сенімді рационалды тұрғыда игеру мүмкіндігіне деген сенімділігімен де заманауи діни философиядан да ерекшеленетін схоластика христиандық ойдың маңызды кезеңі болды.

Схоластар Орта ғасырдағы философия мен теологияның ортағасырлық оқытушылары болды. Интеллектуалдық мәселелерді олар Акуинолық Томастың және басқа философтардың еңбектеріне сүйене отырып талдады. Бұл әншейін формалды түрде жүретін. Студентке тезисті құрастыру ұсынылатын. Сонан соң ол Киелі кітапқа, дәстүрлерге, сенімге және Рим католик шіркеуінің ресми іліміне сүйене отырып, осы тезисті дәлелдеуі тиіс еді. Әрі қарай студенттің алдына қарама-қарсы пікірді Киелі кітапты, шіркеу әкейлерінің еңбектерін және басқа да беделді түпнұсқаларды негізге ала отырып, теріске шығару міндеті қойылатын. Соңында шәкірт өзінің ой-тұжырымын жасауы тиіс. Сондай рәсімнің бір мысалын келтіруге болады. Тезис: «Адамды шіркеу ғана құтқарады». Сонымен, тезис ұсынылды. Енді оны Киелі кітапты қолдана отырып дәлелдеу керек. Әрі қарай шіркеу әкейлерінің жазғандарынан, сонымен қатар папаның еңбектерінен алынған үзінділерге жүгіну қажет. Енді қарама-қарсы көзқарасты ұсынуы тиіс: «Кейбіреулер сіз қандай да бір дінге жүгінсеңіз де, жүгінбесеңіз де, бәрібір құтқарыла аласыз дейді». Енді осы ережені терістеп, жоққа шығаратын себептерді келтіру керек. Біз тағы да Киелі кітапқа, шіркеу әкейлеріне және папаларға сүйенуге тиіспіз. Ақырында тезисті ойша жалғастыру қажет: шәкірт еретиктердің, сатқындардың, жолдан тайғандардың, шоқынбағандардың қандай күйге тап болатынын, көктегі, тозақтағы, лимбадағы, ғарасаттағы және т.б. өмірдің қандай екені туралы ойды дамытуы тиіс. Теорияның мәні – егер де адам сұраққа ақылды жауап тапса, мәселенің өзі шешілген болып есептеледі.

## Томизм

Қазіргі уақытта Акуинолық Томастың философиясы Рим католик шіркеуінде айрықша маңызға ие.

1879 жылы папа XIII Лев Акуинолық Томастың еңбектерін өзгермейтін, тұрақты құндылыққа ие деп жариялап, барлық католиктерді осы ұлы философтың ойларымен қанаттануға және томизмді қазіргі заманғы талаптарға сай дамытуға шақырды.

Римде Әулие Томс Академиясының негізі қаланды.

1914 жылы Рим папасы X Пий 24 томистік тезистерін жариялайды. Бұл тезистерінде ол томизмнің онтология, теодицея, космология, таным теориясы секілді негізгі ережелерін тұжырымдайды. Оның пікірінше Декарттан басталған бүтін философия барған сайын Құдайдан алшақтай бастаған дәйекті түрдегі жаңылыстардан тұрады. Сондықтан да Акуинолық Томастың философиясына қайтып оралу қажеттігін тұжырымдайды. Осылайша Рим папаларының энцикликтері, соборлық жолдаулар және христиан философтарының интеллектуалдық ізденістері тұтаса келе, томизмнің қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді.

Философиялық жүйені ешқашан теологиядан бөлек елестете де алмаған адамның еңбектерінен сол жүйені «шығарып алу» процесі едәуір ұзаққа созылды. Акуинолық Томас христиан дініне терең сенді және адамның ақыл-ойының күшін, философиялық ойлау мен қоршаған ортаны танып-білудің философиялық формасының құндылығын шын бағалады. Бүгінгі томизмді объективті деңгейде өмір сүретін нәрсені нақты қабылдау әрекеті және оның метафизикалық шарттары мен нәтижелері қатты мазалап отыр. Қазіргі заманғы томизм ағылшын тілді университеттерде басымдық берілген аналитикалық философиядан гөрі континенттік теориялық философияға көбірек қызығады.





Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін  
Тарау: 2. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 10. Акуинолық Томас: нақты дүниені бірыңғай түсіндіру. 2-бөлім

## Түйін

Акуинолық Томас ойлаудың қосдеңгейлі жүйесін жасады. Ол философия мен теологияны ажырата бөлді. Теология айналысатын көп мәселелерге философия да тап болып отырады. Бірақ ол тек философияға ғана тән құралдар жиынтығымен жұмыс істейді, оларға ақылға негізделген еркін ойлау және дәйектеу жатады. Ол Томас ақыр соңында сенім мен ақыл-ойдың өзара тұтасып, қабыса алмайтынына сенімді болды. Сіз келісесіз бе? Қалай ойлайсыз, бұл ұғымдар мүлдем қарама-қайшы, бір-біріне кереғар келе ме, әлде олар қатар өмір сүре ала ма? Ойшыл Аристотельдің ізбасары болды; оның пайымдауларының түпнегізі – сезіммен түйсіну. Сенімді ақыл-ойдан бөлу және сезімдерді адам білімінің бастауы ретінде анықтау – философияның ғылым ретінде дамуының шешуші алғышарттарына айналды. Оған дейінгі христиан философтарының бәрі себеп арқылы салдарды түсіндіруге тырысты. Акуинолық Томас, керісінше салдардан бастады. Ол Құдайдың мәнін оның құдіретті артықшылығы мен кемелдігіне сүйеніп, түсіндіруге тырысқан жоқ. Ол Құдайдың жаратқандары туралы өзі не білді, содан бастады. Ерте христиан философтары Аристотельдің философиялық көзқарастарын мойындамады, себебі ғалам табиғатының уақытша екенін Құдайдың мәңгілігімен қатар қоя алмады. Форма және материя, әрекет және әлеуеттілік сияқты ұғымдар өзгермелі дүниені сипаттауға арналды. Осы ұғымдар ғасырлар бойы Құдайдың, оның қасиеттерінің өзгермейтініне қайшы келетін сияқты еді. Тек XX ғасырда ғана біз осындай терминологияның оған қатысты қолданыла бастағанын көрдік. Мұндай қызығушылық қалай және неге туындады? Қазіргі заманғы томизм «философия бізге бос форманы беріп қана қояды, ал сенім оны толтырады» деп тұжырымдайды. Философия үнемі бос форма бола ма? Философияға қандай да бір оны толықтырушы құндылықтар жүйесі үнемі қажет пе? Акуинолық Томастың аналогия принципі сынға жиі ұшырайды; бұл принципке негізді дәлелдер жетпей тұр. Бірақ, Құдай туралы әңгімеде адамның тілі бейсаналы түрде осы принципті қолданады деп болжамдалады.

## Қорытынды

Ойшыл өмір сүрген кезеңде әлем едәуір өзгерген еді: ұлы Рим империясы келмеске кетті, ал жаңа христиан өркениеті жүздеген жылдық бейберекеттік ұмыт болған кезеңге ауысты. Енді шіркеу биліктің басты ұйымына айналды. Ол қалыптасқан осы жағдайды Аристотельдің Еуропада жақында ашылған еңбектері мен кең тарай бастаған христиандық сенімнің синтезінің көмегімен түзетуге талпынды. Жүйелілік қайтадан салтанат құрды. Томасты көптеген зерттеушілер жаңалық ашушы деп қарастырады; ол христиандық ілімді философиялық ақыл-оймен негіздей алды. Теология аясында тек сенімнің негізінде түсініліп, қабылданатын нәрселер бар: оған Үштік, күнәнің өтелуі және құтқарылу сияқты ұғымдар жатады. Алайда оның бәрі Аристотельдің рационалды және сыни философиялық жүйесіне сүйенген Акуинолық Томастың арқасында енгізілді. Ол философия тарихында өзінің ерекше ізін қалдырды. Оның сәулелі ойы, мөлдір логикасы, Құдайға деген шын ниеті, адамды сүюі осы күнгі заманға дейін үлгі болып, қазіргі адамзат рухани өміріне әсерін тигізуінде. Одан кейін философиялық жүйе аянға негізделген христиандық ілім туралы пайымдауларға негіз бола алатыны мойындалды.